ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 желтоқсан №2/15486/2024 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Қ.Қанбаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLITECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

«ASTANA POLITECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талабы қанағаттандырылсын.

«Тендер Профи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын және талап қоюшының пайдасына 13 920 (он үш мың тоғыз жүз жиырма) теңге тұрақсыздық айыбы және 418 (төрт жүз он сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Мемлекет кірісіне жауапкерден 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге іс бойынша мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы сотқа арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Қанбаев

Құжатқа қол қойылған: Канбаев А. К., 12.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Жетибаев Ж. К., 23.01.2025

7119-24-3-1/15076